

"Жылзой ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 02 қарашадағы № 311 "Жылзой ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Атырау облысы Жылзой ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 мамырдағы № 139 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Жылзой ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жылзой ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 02 қарашадағы № 311 "Жылзой ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" қаулысына төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалып, бекітілсін.

2. Жылзой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыны ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жылзой ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Х. Жамалов

Жылзой ауданы әкімдігінің 2022

жылғы "26" мамырдағы

№ 136 қаулысына қосымша

Жылзой ауданы әкімдігінің 2020

жылғы "02" қарашадағы

№ 311 қаулысымен бекітілген

"Жылзой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Жылъой ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - бөлім) мемлекеттік тіл саясатын насихаттаудағы, дene шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің мынадай ведомстволары бар:

1) "Кең Жылъой" Жылъой аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік мекемесі (Құлсары қаласы);

2) Аудандық орталық кітапханасы (Құлсары қаласы);

3) Аудандық балалар кітапханасы (Құлсары қаласы);

4) № 1 қалалық кітапхана (Құлсары қаласы);

5) № 2 қалалық кітапхана (Құлсары қаласы);

6) № 3 қалалық кітапхана (Құлсары қаласы);

7) № 4 кенттік кітапхана (Жаңа Қаратон кенті);

8) № 5 ауылдық кітапхана (Қосшағыл ауылы);

9) № 6 ауылдық кітапхана (Тұрғызба ауылы);

10) № 7 ауылдық кітапхана (Шоқпартогай ауылы);

11) № 8 ауылдық кітапхана (Аққиізтогай ауылы);

12) № 9 ауылдық кітапхана (Майкөмген ауылы).

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай – ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі мен атауы қазақ және орыс тілерінде жазылған мөртаңбандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық – құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық – құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заннамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген басқада актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: 060100, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылъой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 20 "A" үй.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру ҚР заңдамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Бөлімнің мақсаттары:

"Жылдың ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мақсаты мәдениет, тіл саласы, дене шынықтыру мен спорты дамыту жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жылма – жылғы Жолдауы мен "Қазақстан - 2030" даму стратегиясының негізгі басылымдарын мемлекеттік ішкі саясатты түсіндіру мен насиҳаттауға атсалысу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, басқа да ұйымдардан және азаматтардан ақпарат сұратуға;

Аудан әкіміне мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт салаларындағы қызметтерін жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізуге, бөлім құзырына жататын мәселелер бойынша материалдар дайындауға;

Бөлімнің қызмет саласына қатысты тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тапсырмалар береді, олардың орындалуын бақылайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға;

Бөлім құзырындағы мәселелер мен айналысатын мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт салалары басшыларына әдістемелік, ақпараттық және басқада көмек көрсетуға;

Мәдениет, тілдер дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруға;

Қазақстан Республикасы Конституциясын және заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде тиісті салада мемлекеттік мұлікті басқару аясындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

Тиісті саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындауға;

Тиісті саласындағы коммуналдық занды тұлғалар мүліктің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

Қаржы басқармасына немесе аудандық қаржы бөліміне коммуналдық занды тұлғаға берілген немесе ол езінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім беруге.

Тиісті саладағы коммуналдық занды тұлғаның жылдық қаржылық есептілігін бекітуге;

Тиісті саладағы коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттен қаржыландыру жоспарларын бекітуге;

Тиісті мемлекеттік органға қарасты тиісті саланың коммуналдық занды тұлғаларға бекітілген мүлкін есептеп шығаруға келісуді жүзеге асыруға құқылы.

Осы Ереже, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өзге де өкілдерді жүзеге асырады.

2) міндеттері:

Халық шығармашылығы жанrlары, музыкалық, ұлттық қолөнер мен бейнелеу өнерін дамытуға бағыт беріп отыру;

Тарихи және мәдени мұраны сақтау, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға, қазақ халқының, Қазақстанда басқа да халықтардың тілін, мәдениетін, әдет – ғұрыптын, дәстүрін құрметтеу;

Клуб, кітапхана, мәдениет үйлерінің, мәдениет саласындағы қызметті, мәдени құндылықтарды жасау, жаңғырту, сақтау, тарату бағытындағы жұмысын тиянақты іске асырып, қадағалап отыру;

Қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялармен, бұқаралық ақпарат қуралдарымен өзара қарым – қатынасты жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалануда бақылауды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік және өзге де тілдерді насиҳаттау мақсатында аудандық деңгейде түрлі шаралар ұйымдастыру.

Облыстың атқарушы органдарына ауылдарды, кенттерді, ауылдық округтерді атау және қайта атау, сондай-ақ олардың транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

15. Функциялары:

Аудандағы мәдениет үйлері, кітапханалар мен спорт мектептерінің жұмысына басшылық жасайды, деңе тәрбиесі мен спортты дамыту жөніндегі ауданның әртүрлі ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

Бос уақыт өткізу бірлестігі, жастар мен балалар ұйымдарының жұмысын үйлестіру және өзара іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

Театр, музыка және кино өнері, кітапхана, мәдени-демалыс, спорттық қызмет саласында ауданның мемлекеттік мәдениет үйымдарын құрады, сондай-ақ олардың қызметін қолдауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

Жергілікті маңызы бар тарихи, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты үйымдастырады;

Ауданның спорттық, сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуі жүзеге асырады;

Спорттық шараларға қатысуышылардың материалдық қамтылуы үшін шығындар мөлшерін бекітеді;

Халықаралық, республикалық, облыстық ауданараптық және аудандық шараларын, спорттық жарыстар мен турнирлерді өткізеді, олар үшін қаржы бөлуді үйымдастырады;

Халықаралық жарыстар мен турнирлерге, Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз мемлекеттер достастығы және де басқа дәрежедегі чемпионаттарға аудан құрама командасын дайындауды, қатынастыруды қамтамасыз етеді;

Ауданың мемлекеттік мәдениет үйымдарын аттестаттаудан өткізеді 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 2-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 3-ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру;

Өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

Ауданың мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылышы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болады;

Мемлекеттік мәдениет үйымдарын қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

Кадрларды даярлау, қайта даярлау және кәсіби шеберлігін көтеру, әдіскерлік жағынан қамту, конференциялар мен семинарлар, басқа да оқу мен мамандардың тәжірибе алмастыруларының бағдарламаларын бекітіп, үйлестіреді, спорттық жарыстар өткізу ережелерін бекітеді, тиісті құжаттарын дайындайды;

Ведомствоның және қоғамдық үйымдармен келісе отырып, спортшы резервтер дайындауды жүргізеді, спорт клубтарын, мектептер мен спорт ғимараттарындағы спорт жұмыстарын олардың бағыныштылығына қарамастан дамытуды үйлестіреді;

Облыстардың атқаруышы органдарына ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқаруышы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру (мақалалар жариялау, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу және т.б.)

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген мүліктің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

Органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

Жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

Мемлекеттік мүлік жөніндегі үәкілетті органның келісімі бойынша жергілікті атқаруышы орган мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

Осы Ереженің және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауказымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттіктері:

Бөлімнің жұмысын ұйымдастырып, жетекшілік етеді және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапкершілікте болады;

Бөлім мамандарының өкілеттіліктері мен міндеттерін белгілейді: заңнамада белгіленген тәртіп бойынша бөлім қызметкерлерін көтермелей, материалдық көмек көрсету шараларын қолданып оларға тәртіптік жаза қолданады;

Оз өкілеттілігі шеңберінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулықтар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

Кадрларды іріктең оларды дұрыс орнықтыру мәселесімен айналысады:

қаржылық және шаруашылық қызметтің жүзеге асырады;

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға, сыбайлас жемқорлықпен жымдастан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу;

Бөлімді ұстауға бөлінген жалақы қоры мен қызметкерлер лимиті шегінде шығындарды және штатық кестені бекітеді;

Заңнамаға сәйкес өзгеде өкілеттерді жүзеге асырады;

"Жылдың ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.